

Қаңқа бұлшықеттерінің  
ҚЫЗМЕТІН МОДЕЛДЕУ.

# Жоспар.

I Кіріспе.

II Негізгі бөлім.

1. Бұлшық еттер туралы жалпы түсінік.
2. Бұлшық еттердің атқаратын қызметі
3. Бұлшық еттің жұмысы.

III Қорытынды.

IV Пайдаланылған әдебиеттер.

# Кіріспе.

Бұлшықеттер тірек-қимыл мүшелерінің ішіндегі адам денесін қозғалысқа келтіруші ірі тұлғалы жүйе болып саналады. Бұл мүшелер адам денесін қозғалысқа келтіруші ірі мүшелер болып қоймай: ауыз қуысының, кеуденің, құрсақтың, жамбас қуысының қабырғаларын және ішкі мүшелердің бұлшықеттерін құруға қатысады.

# Бұлшықеттер туралы жалпы түсінік.

Бұлшық еттер қимыл қызметтерін атқаратын аппарат болып саналады. Дененің сыртқы орталықта қимылдауы, оған бейімделуі, бір-бірімен қарым-қатынас жасауы да осы бұлшық еттердің жұмысының нәтижесінде жүріп отырады.

Бұлшық еттің жұмысы жиырылғыштық қасиетіне байланысты. Жиырылу нәтижесінде организмде бірнеше күрделі өзгерістер пайда болады.

- Адамның бұлшық еттерінің жалпы саны 600-дей, салмағы ересек адамда, дене салмағының 60% құраса, жаңа туған нәрестеде 40%, қартайған кезде бұлшық еттердің салмағы 25-30% кемиді.
- Адам еттері біріңғай салалы және көлденең жолақты ет тіндерінен түзілген. Бұлшық еттердің атқаратын қызметіне қарай күрең қызғылт, ашық қызғылт болады.

# Бұлшық еттердің атқаратын қызметі.

Әрбір бұлшық ет буын арқылы белгілі бір қызмет атқарады. Қимылдың түрі еттің буыннан қалай өтуіне байланысты. Егер ет буынның көлденең білігінің алдыңғы, не артқы жағынан өтсе, онда бұту не жазу қимылдары жүреді. Ол ет үйек біліктің жағынан өтсе, ішке тарту қимылдарын қамтамасыз етеді. Бұлшық ет тік біліктің алдыңғы жағынан қиғаш өтсе, сыртқа айналдыру, ал сырт жағынан қиғаш өтсе, сыртқа айналдыру қимылдары орындалады.

Егер бұлшық еттер жиырылған кезде дене, не оның бір мүшесі бір орыннан екінші орынға қозғалса, оны қимылды, ал қозғалмай, қатайып, орнында қалса, қимылсыз қызмет деп атайды. Дененің бұлшық еттері өзінің пішініне қарай әр түрлі қызмет атқарады. Олардың күші көлденең қимасына, яғни ет талшығының санына, олардың қалыңдығына байланысты өтеді.

# Бұлшық еттің жұмысы.

Бұлшық еттердің жұмысы жиырылу қасиетіне байланысты. Олар жиырылған кезде ет талшықтары қысқарумен қатар жуандайды. Дене белгілі бір қимыл жасағанда бірнеше бұлшық ет қатысады. Олардың жұмыс әрекеті әр түрлі. Ет атқаратын қызметіне қарай синегистер (бір уақытта біріңғай жұмыс атқаратын еттер), антогонистер (бір-біріне қарама-қарсы жұмыс атқаратын еттер), фиксаторлар (бір қалыпта қимылсыз қатайып ұстайтын еттер) деп 3 топқа бөледі.



Синергистер тобына білектің алдыңғы бетіндегі қол басы мен саусақтарды бүтетін еттер жатады. Егер синергистер мен антогонистер бір уақытта жиырыла жұмыс істесе, дененің сол бөлігін бір күйде қимылсыз қатайтып тұрады. Бұл жағдайда ол еттер қатайтушы фиксатор тобы болып саналады.

# Қорытынды.

Бұлшық еттер жұмысы адамның жалпы тіршілік етуіне өте қажет. Сондықтан дене еттерін күнделікті шынықтыру, қимыл қызметіне жаттықтыру организм қабілетінің артуына пәрменді ықпал жасайды.

Сонымен қатар, бұл мүшелердің құдіреттілігі тек қана адам денесін қозғалысқа келтіруші бірден-бір мүше болып қоймай, жұтытуда, тыныс алуда іс-әрекеті барша адамдарға белгілі.

# Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Дайырбекова М.М. Адам анатомиясы. Алматы. – “Медицина баспасы. 2002 – 288 бет.
2. Рақышев А. Р. Адам анатомиясы. I том. Алматы. 2004
3. Жұмабаев У., Әубәкіров Ә.Б., Досаев. Т .М., ж т.б Адам анатомиясы , атлас I том. Астана: Фолиант, 2005 ж